



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 38 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 10,25% деңгейінде сақтау туралы

2017 жылғы 27 қараша

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1%-дық дәлізбен 10,25% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Жылдық инфляцияның деңгейі қазанда жеделдеді, алайда нысаналы дәліз шеңберінде қалып, Ұлттық Банктің болжамдық мәндеріне сәйкес келуде. Сыртқы сектор тарапынан инфляциялық тәуекелдер сақталуда. Сонымен қатар, ақша-кредит шапттарының бейтараптылығын сақтау қажеттілігі бар.

Қазанда инфляциялық процестердің жылдық көрсетуде 7,7%-ға дейін (қыркүйектің қорытындысы бойынша 7,1%) жеделдеуі байқалды, алайда **жылдық инфляция** 2017 жылға арналған 6-8% нысаналы дәлізге сәйкес келуін жалғастыруда. Инфляция серпіні көп дәрежеде қысқа мерзімді факторлардың әрекетіне – ұсыныстың уақытша қысқаруы нәтижесінде энергия тасымалдауыштардың (бензин, дизель отыны, көмір) және азық-түлік өнімдерінің жекелеген түрлерінің, негізінен көкөністердің (бағалардың маусымдық өсуі) қымбаттауына негізделді. Бұл туралы базалық инфляцияның шамалы (0,2 б.т.) өсуі куәландырады. Энергия тасымалдауыштардың қымбаттауынан қайталама әсерді іске асыру тәуекелдері қысқа мерзімде сақталып, инфляциялық күтулердің өсуіне әкелуі мүмкін. Соған қарамастан, Ұлттық Банктің бағалауына, жылдық инфляция 2017 жылғы нысаналы дәліздің шегінде сақталады.

Қазанда халықтың **инфляциялық күтулерінде** жоғары құбылмалылық белгілері пайда болды, бұл бейімді құрауыштың жоғары үлесін көрсетеді. Мәселен, инфляциялық күтулерді бір жыл алға сандық бағалау энергия тасымалдауыштар мен азық-түлік нарығындағы бағалардың өсуінен кейін 6,9%-ға дейін өсті. Бұл ретте олар инфляция бойынша нысаналы дәліздің шегінде болуда, ол 2018 жылдың соңында төменірек 5-7% деңгейінде айқындалды.

Сыртқы тауар нарықтарындағы жағдай салыстырмалы тұрақтылықпен сипатталады. Сыртқы азық-түлік бағалармен қатар, сауда әріптес елдердегі экономиканың өсу қарқындары және инфляция қазақстандық экспортқа сұранысқа және инфляцияға ықпал ету тұрғысынан оңтайлы болып табылады. 2017 жылғы маусымнан бастап мұнай бағасының серпінінде өсу үрдісі байқалуда. Алайда, орта мерзімді перспективада болашақ кезеңдерге қатысты белгісіздікті арттыратын оның құбылмалылық тәуекелдері туындауы мүмкін.

Экономикадағы **іскерлік белсенділік** қалпына келуін жалғастыруда. Елдегі жиынтық ұсынысты сипаттайтын қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2017 жылғы 10 айда 5,4%-ға өсті, алайда оның өсуі экономика салалары бойынша тепе-тең емес.

Базалық мөлшерлемені сақтау туралы шешім **ақша-кредиттік шарттардың** бейтараптылығын сақтау және нақты пайыздық мөлшерлемені 4%-дан жоғары емес

деңгейде ұстап тұру орындылығын көрсетеді, бұл экономикалық өсудің ұзақ мерзімді әлеуетті қарқындарына сәйкес келеді.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 15 қаңтарда Астана уақыты бойынша 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz